

## Жалпы пайдаланатын қалалық жолаушылар көлігін монополиясыздандыру және көлік қызметі рыногын құру туралы

### *Күшін жойған*

I сайланған Алматы қаласы мәслихатының XX сессиясының 1998 жылғы 23 маусымдағы шешімі. Алматы қаласы әділет департаментінде 1998 жылғы 3 тамызда N 21 болып тіркелді. Күші жойылды - VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XVII сессиясының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 123 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XVII сессиясының 29.06.2017 № 123 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Алматы қалалық Мәслихаты қаладағы жалпы пайдаланылатын жолаушылар көлігін монополиясыздандыру және көлік қызметі рыногын құру туралы мәселені қарай келе қала басшылығының пәрменді жұмысының арқасында негізінен жолаушылар көлігі кәсіпорындарының акционелендірілгендігін, жолаушылар көлігі саласында монополияның жойылғандығын көлік қызметінің шынайы рыногының құрылғандығын атап өтеді.

Қала шегінде жолаушылар тасымалын 1200 автобусы бар, сегіз акционерлік автобус паркі, жылғымалы құрамында 310 бірлік/265 троллейбус, 45 трамвай/бар. "Электротранс" ұжымдық мемлекеттік кәсіпорыны, /ҰМП/ 80 маршруттық таксиді, 251 таксомотордың тұратын үш таксомоторы паркті біріктіретін "Сияние" акционерлік қоғамы, 459 автобусы бар 5 жеке акционерлік қоғам және жеке лицензиялы тасымал қамтамасыз етеді. 1997 жылмен үстіміздегі жылдың бес айында көліктің барлық түрлері 715 млн. жолаушыны тасыды.

Сонымен қатар нарықтық қатысатар жағдайында жолаушылар көлігін дамыту саласында экономикалық, құрылымдық өзгерістерді, монополиясыздандыруды және көлік қызметі рыногын жүргізуге қарамастан елеулі кемшіліктер бар жолаушылар көлігінің ақысы жоғары қызмет көрсету мәдениеті нашарлау, аялдамалар мемлекеттік тілде хабарланбайды, жүргізушілер мен кондукторлар дәрікілік көрсетеді, көлік құралдары маршруттарға қатағаттанарлықсыз әзірлік күйінде шығарылады, салондары кір, тексерілген 380 көлік құралынан сыртқы келбетінің нашарлығы үшін 94 жүргізушіден жүргізуші күәлігі алынды, қозғалыс кестесі сақталынбайды, көлікте ілінген жарнама заң талабына жауап бермейді.

Көлік құралдары тозған, акционерлік қоғам автобустарды олар жалпы санының 75%, жеке акционерлік қоғам автобустары бойынша 95%, "Электротранс" ОМК жылжымалы құрамы бойынша 62% "Сияние" АҚ таксомоторлары

бойынша 87% және лицензияланған тасымал автомобильдер бойынша 60%. Жолаушылар көлігі техникалық жағдайы бойынша, қоршаған ортаның жағамсыз салдарлы әсерімен азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін негізгі қауіп нүктесіне айналды.

Экологиялық таза электрокөлігі/троллейбус, трамвай/ 1992 жылдан бастап екі есе қасқарды. Құрылысы 1988 жылы басталған метроқұрылысы аяқталуы үшін қаржысының аздығынан іс жүзінде қазір тоқтады, 7,5 шақырымнан астам жер асты тоннельдері мен қала орталығының астындағы шұңқырлар қопарылу қауіпімен халыққа айтарлықтай қауіп тендіруде.

#### 1 сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қала және көлік кәсіпорындарының басшылары жолаушылар көлігін акционерлендіру, монополиясыздандыру және көлік қызметі рыногын құру жөніндегі жұмыстан жалғастыраты болсын.

2. Қала әкіміне мыналар ұсынылсын:

2.1. Алматы қаласында жолаушыларды тасымалдайтын көлік компаниялары мен жеке тұлғалардың және жолаушылардың өзара жауапкершілігіне негізделген жолаушылар тасымалының ұйымдастыру ережесін қалалық мәслихаттың сессиясына әзірлеу және бекітуге ұсыну.

2.2. Қала жолаушылар көлігіндегі жол ақысының тарифтерін "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" заңына сәйкес бекітуді қамтамасыз ету.

2.3. Жол ақысын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметімен Қазақстан Республикасы заңында қарастырылған жеңілдіктері бар адамдардың жол ақысын өтеу механизімін шешу және тегін жүрушілер санатын қайта қарау.

2.4. Жолаушылар тасымалының ұтымды схемасын жасау және бекіту, жолаушылар тасымалын жүргізетін, сондай-ақ жүктемемен қамтамасыз етілмеген маршруттарға қызмет көрсететін заңды және жеке тұлғалардың тендерлік шарттарды орындауына айрықша бақылау жасау.

2.5. Көлік кәсіпорындарының басшыларымен бірлесе отырып аялдамаларды жариялау, трафареттерді қозғалыс маршрутының схемасын, автобус аялдамасын безендіру, көлікте жарнама орналастыруда "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметіне Алматы метросы бірінші кеңегінің құрылысын аяқтау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына ұсыныс хат жолдасын.

4. Метро құрылыс басшылығы бір ай мерзімде қала әкіміне метроны бұдан әрі салу бойынша ұсыныс тапырсын.

5. Қаладағы негізгі және көлік жолдарын ағымдық және күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жақсартылсын.

6. Экономикалық реформалар және нарықтық қатынастарды дамыру жөніндегі депутаттық комиссия /Костин Ю.В./ қала әкімі аппаратымен бірлесе отырып қала көлігінің қызмет көрсету сапасының жақсарту және көлік қызметі рыногын құру жөніндегі жұмысты жалғастырсын осы шешімін орындалуын қадағалайтын болсын.

*I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты  
XX сессиясының төрағасы*

*А.Бөлекбаев*

*I Сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы*

*Ж.Төрегелдинов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК